

**«Назарбаев Университеті» дербес білім беру ұйымы Академиялық кеңесінің қысым көрсетуге (харасмент) қарсы комитеті туралы ереже**

**Санаты:** Қағидалар

**Бекітілген күні:** 15.11.2023

**Күшіне енген күні:** 15.11.2023

**Қолжетімділік деңгейі:** Ашық  
қолжетімділік

**Сыныптауыш бойынша нөмірі:** 8.4 АС

**Бекітуші орган:** Академиялық кеңес

**Тіркеу нөмірі:** 11

**Иесі:** Провост Офисі

**Қайта қарау күні:** 26.10.2026

**Қолданылуы:** Назарбаев Университеті

**Күші жойылған құжаттар:**

**Атауы:**

**Күні:**

**Тіркеу нөмірі:**

**Бекітуші орган:**



## **1-бөлім. Мақсаты және қолданылу саласы**

1.1. «Назарбаев Университеті» дербес білім беру ұйымы Академиялық кеңесінің қысым көрсетуге (харасмент) қарсы комитеті туралы ереже Комитеттің функцияларын, оның қызметінің қағидаттары мен тәртібін, оның құрамын, мүшелерінің құқықтары мен міндеттерін белгілейді.

1.2. Ереже НУ-да Қысым көрсетуге (харасмент) қарсы комитеттің қызметіне қатысты қолданылады.

## **2-бөлім. Терминдер/Анықтамалар**

2.1. Осы Ережеде мынадай терминдер мен анықтамалар пайдаланылады:

2.1.1. Университет немесе НУ – «Назарбаев Университеті» дербес білім беру ұйымы;

2.1.2. Комитет – «Назарбаев Университеті» дербес білім беру ұйымы Академиялық кеңесінің қысым көрсетуге (харасмент) қарсы комитеті, ол Университет Академиялық кеңесінің кіші комитеті және алқалы органы болып табылады, қысым көрсету (харасмент) мәселелері бойынша білім беру және ілеспе бастамаларды үйлестіреді.

2.2. Осы Ережеде пайдаланылатын басқа терминдердің Қазақстан Республикасының заңнамасында, Жарғыда және Университеттің басқа да ішкі құжаттарында белгіленген анықтамалары бар.

## **3-бөлім. Негізгі ережелер**

### **3.1. Комитеттің миссиясы мен функциялары**

3.1.1. Комитет Академиялық кеңестің шешімімен құрылады.

3.1.2. Комитеттің қызметі Университет Жарғысына, осы Ережеге және Университеттің ішкі құжаттарына сәйкес жүзеге асырылады.

3.1.3. Комитеттің миссиясы – қысым көрсетуден қауіпсіз кампус мәдениетін құру үшін ұлттық және халықаралық стандарттарға сәйкес білім беру және оған қатысты бастамаларды үйлестіру.

3.1.4. Комитет өз мақсаттарына жету үшін:

1) Университет қауымдастығын қысым көрсетуден қауіпсіз кампус мәдениетін құру үшін білім беру және соған байланысты бастамаларға тартады;

2) ақпараттық және қысымға қарсы материалдарды дайындайды; Жаңадан қабылданған студенттерді және жаңадан қабылданған академиялық және әкімшілік қызметкерлерді қысым көрсетуден қауіпсіз кампус мәдениетін сақтау туралы оқыту үшін Студенттермен жұмыс жүргізу департаментінен, Адами капиталды дамыту департаментімен және Провост офісімен және басқа да тиісті ұйымдармен үйлестіреді;

3) Университеттің ішкі құжаттарымен танысады және осы құжаттарға қудалауға тыйым салатын ережелерді енгізуді ұсынады;



4) қысым көрсету және қорқыту мәселелеріне қатысты тәжірибені талдау және бағалау үшін Университет қауымдастығы мүшелеріне сауалнама жүргізу үшін Институционалдық зерттеулер бөлімінің басшысымен ынтымақтасады;

5) қысым көрсетудің жәбірленушілерін қолдаудың нақты шараларын, сондай-ақ жәбірленушілердің құқықтарын қорғаудың тиімді құралдарын ұсынады;

6) мерзімді түрде, әдетте, оқу жылында бір рет, ресми түрде хабарланған оқиғалар туралы ақпаратты қоса алғанда, кампустағы қауіпсіздік пен қысым көрсетуге қарсы шаралардың тиімділігін тексеру және қажет болған жағдайда өзгертулер ұсыну;

7) Мектептер мен құрылымдық бөлімшелердегі қысым көрсету туралы ақпаратты жинайды;

8) білім беру қажеттіліктерін бағалайды және Университет қауымдастығы мүшелеріне оқытуды, сондай-ақ консультативтік және көмекші қызметтерді ұсынады;

9) қысым көрсету және тәртіптік бастамалар бойынша статистикалық мәліметтермен бөліседі. Бұл статистика жеке атауларды немесе жағдайларды көрсетпеуі керек, бірақ жалпы тенденциялар туралы ақпарат беруі керек;

10) қажет болған жағдайда тиісті нормативтік құжаттарға, соның ішінде: Университеттің этика кодексіне, студенттердің мінез-құлық стандарттарына, Оқытушы-профессорлар құрамының саясаты мен рәсімдеріне және басқа да ішкі құжаттарға сәйкес қосымша қолдау шаралары туралы ақпарат алу үшін Мектептермен және тиісті бөлімдермен өз әрекеттерін үйлестіреді;

11) Университеттің Академиялық кеңесі атынан басқа да тапсырмалар мен іс-шараларды жүзеге асырады.

3.1.5. Комитет өз қызметі туралы қажеттілігіне қарай Академиялық кеңеске тұрақты негізде, әдетте оқу жылына бір рет, есеп береді.

## 3.2. Мүшелік

3.2.1. Комитет келесі мүшелерден тұрады:

1) Комитеттің тең төрағалары ретінде Студенттер ісі және халықаралық ынтымақтастық жөніндегі вице-президент және Академиялық мәселелер жөніндегі вице-проректор;

2) Оқытушы-профессорлар құрамының Сенатынан бір мүше;

3) Дайындық мектебін қоса алғанда, әрбір мектептің атынан қатыса алатын мүшелер;

4) кәсіптік, техникалық және әкімшілік персоналды білдіретін бір мүше;

5) Проректор офисінен бір мүше;

6) гендерлік айырмашылықтар саласында зерттеулер жүргізетін ғалымдарды немесе соған байланысты зерттеу топтарын білдіретін бір мүше;

7) студенттік өзін-өзі басқарудан екі мүше – бакалавриат және жоғары оқу орнынан кейінгі студенттер;

8) Студенттермен жұмыс жүргізу департаментінен бір мүше.



3.2.2. Комитетте теңдестірілген гендерлік құрам болуы керек.

3.2.3. Комитет мүшелері Комитет хатшысын сайлайды.

3.2.4. Комитет мүшелері қажет болған жағдайда кез келген уақытта ауыстырылуы мүмкін.

3.2.5. Комитеттің кез келген мүшесі отырысқа қатыса алмаған жағдайда, оны алмастыратын өкілді тағайындауы керек.

3.2.6. Комитеттің құрамын Академиялық кеңес бекітеді.

### **3.3. Комитет мүшелерінің құқықтары мен міндеттері**

3.3.1. Комитет мүшелері Комитет жұмысын жүзеге асыру үшін өз міндеттерін, тапсырмаларын орындауға және оларға жүктелген жауапкершілікті көтеруге міндетті.

3.3.2. Комитет мүшелері байланыстырушы рөлін атқарып, Комитет пен Мектептер, Университеттің құрылымдық бөлімшелері және басқа да ұйымдар арасында ақпаратты таратуға міндетті.

3.3.3. Комитет мүшелері Комитеттің қарауына мәселелер ұсынуға және Комитет материалдарымен танысуға құқылы.

### **3.4. Процедуралар**

3.4.1. Комитеттің отырысы тең төрағаның бастамасы бойынша немесе Комитет белгілеген кестеге сәйкес жиналады.

3.4.2. Комитеттің күн тәртібіндегі мәселелерді Комитет мүшесі енгізген жағдайда ғана тең төраға қабылдайды.

3.4.3. Комитет ұлттық, халықаралық және Университет сарапшыларынан кеңес сұрай алады.

3.4.4. Комитет отырыстары қашықтан, электронды байланыс пен тікелей қатысудың кез келген үйлесімі арқылы өткізілуі мүмкін.

3.4.5. Жалпы жиналыстар Университет қоғамдастығының барлық мүшелеріне ашық. Жабық отырыстарға тек Комитет мүшелері қатыса алады және күн тәртібіндегі жеке немесе құпия мәселелер талқыланған кезде өткізіледі.

3.4.6. Комитеттің кворумы дауыс беретін мүшелердің елу пайызын құрайды.

3.4.7. Дауыстар тең болған жағдайда, тең төрағалар мәселені шешу үшін келіссөздер жүргізеді, егер тең төрағалар арасында келісім болмаса, мәселе шешілмеген күйде қалады.

3.4.8. Тең төраға қажет болған жағдайда арнайы комитеттерді тағайындай алады және/немесе арнайы мүдделер топтарын құра алады.

3.4.9. Тең төрағалар отырыстарды бастайды, Комитет жұмысын ұйымдастырады және Комитет ұсынымдарының орындалуын қамтамасыз етеді.

### **3.5. Есеп**



3.5.1. Комитет хатшысы Комитеттің барлық отырыстарының хаттамалары мен күн тәртібін қоса алғанда, Комитет қызметінің жазбаша есебін дайындайды және жүргізеді.

3.5.2. Қазақ және ағылшын тілдеріндегі отырыс хаттамаларына Комитеттің тең төрағалары мен хатшысы қол қояды.

3.5.3. Отырыстардың хаттамалары Университет отырыстарының хаттамаларын жасауға қойылатын талаптарға сәйкес жүргізіледі. Комитет отырыстарының жұмыс тілі – ағылшын тілі.

#### **4-бөлім. Босату**

4.1 Тек Академиялық кеңес осы Ереженің қандай да бір ережесінен босатуды ұсынуға уәкілетті.

#### **5-бөлім. Уақытша ережелер**

5.1. Қолданылмайды.

#### **6-бөлім. Қайта қарау**

6.1. Осы Ереже бекітілгеннен кейін үш жыл бойы тексерілуі және қажет болған жағдайда қайта қаралуы тиіс.

#### **7-бөлім. Өзара байланысты құжаттар**

7.1. «Назарбаев Университеті» дербес білім беру ұйымының Академиялық кеңесі туралы ереже, НУ Этика кодексі, Студенттердің мінез-құлық кодексі мен тәртіптік рәсімдері, Оқытушы-профессорлар құрамының саясаты мен рәсімдері

